

## БӨЛІМ: ТЕХНОЛОГИЯ

## Құмыраны дәндермен безендіру

ЖАРИЯЛАНДЫ  
01.11.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/20395/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Сламгалиева Салтанат Мадигалиевна**

Сабақтың мақсаты: Құмыраны безендіріп үйрету, жасалу технологиясын меңгерту. А) білімділік-құмыраны дәндермен безендіру туралы ұғымды қалыптастыру, білімдерін кеңейту. Ә) дамытушылық-құмыраны дәндермен безендірудің әдіс-тәсілдерін меңгерту, қол икемділігін дамыту. Б) тәрбиелік-қол өнерді үйрету арқылы атадан қалған салт дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелеу.

**Сабақтың типі:** аралас сабақ .

**Сабақтың түрі:** сарамандық .

**Сабақтың әдіс-тәсілі:** зерттеу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

**Пәнаралық байланыс :** бейнелеу, математика.

**Сабақтың көрнекілігі:** 1. Дайын бұйымдар . 2. Слайдтар. 3. Нұсқау карталар. **Құрал-жабдықтар:** Қалам, дәптер, желім, дәндер, шыны немесе пластмасса бөтелке.

**Сабақтың барысы:** 1. Ұйымдастыру кезеңі.

А) Оқушыларды түгендеу.

Ә) Оқу құралдарының түгелдігін тексеру.

*11. Үй тапсырмасын қайталау. Қайталау сұрақтары:*

1. Шыршаны қай кезде қашан безендіреміз.

2. Шыршаны безендіруді жақсы көресіңбе.

3. Шырша ойыншығын жасау үшін қандай құрал жабдықтар қажет.

4. Жаңа жыл саған ұнайма.

111. *Жаңа материалды меңгерту.* Оқушылар қазір сіздермен бірге құмыраны безендіруді үйренеміз. Құмыра қыштан шыныдан және ағаштан жасалып, көлемі әр түрлі болады. Құмыралардың кейбір түрінің мойны ұзын, бүйірлі келеді. Ал құмыраларды безендіріп, әшекейлеу үшін дизайыншының көмегі керек. Өзімізді дизайншы ретінде сезініп, құмыраны ерекше тәсілмен түрлендіріп көрейік.

*Y1. Сарамандық жұмыс.* Жұмысты бастамас бұрын қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

1. Үшкір құралдармен жұмыс жасағанда абай болу.

2. Шыны бөтелке сынып оның ұшқыны көзге тиюден абай болу.

3. Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін қолды жуу.

4. Еремексаз бен жұмыс жасап болғаннан соң қолды жуу керек.

*Y. Жұмыстың орындалу реті.* Құмыраны безендіру үшін сусынан босаған пластмасса немесе шыны бөтелкенің сыртына еремексазды жағып, оның үстіне дән мен тұқымдарды белгілі бір ретпен жапсырамыз.

*Y1. Сабақты бекіту* Мақал – мәтелдер, сөзжұмбақтар.

1. Жіп сабақтауға арналған құрал. /ине/

2. Жүннен жасалған төсеніш /киіз/

3. Текемет бетінің сәні /ою – өрнек/

4. Киіз үй терезесі /түндік/

1. Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

2. Өнерлі қол, пішуге жақсы.

3. Өткір қайшы оюға жақсы.

4. Өнерлінің қолы алтын.

5. Ою ойсаң ойланып Осер сенің өрісің.

## **Y11. Бағалау**

**Y111. Үйге тапсырма.** Үйде жасап үйрену